



1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Білім беру бағдарламасының мақсаты: психологиялық денсаулыққа байланысты проблемаларды бастан кешіретін адамдарға профилактикалық, психикалық түзету және оңалту қызметтерін көрсете алатын мамандарды даярлау.

1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

Бағдары:

Инновациялық ғылыми-білім беру орталығы болу.

Миссиясы:

Үздік әлемдік тәжірибелер негізінде көшбасшы қыздарды даярлау арқылы адами капиталдың қалыптасуына үлес қосу.

Бағдарламалық мақсаты:

Ұлттық және халықаралық еңбек нарығына қажетті, қазіргі заманғы психологиялық зерттеу әдістерін меңгерген білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік және құқықтық салалардағы кәсіби психологтарды даярлау.

Құндылықтары:

Адалдық,
Кәсібилік,
Әлеуметтік жауапкершілік,
Академиялық еркіндік,
Жаһандық азаматтылық,
Ашықтық.

Университет түлегінің атрибуттары:

ТА 1 – Терең кәсіби білім мен түсінікке ие;
ТА 2 – Эмоционалды және әлеуметтік интеллектке ие;
ТА 3 – Жахандық мәселелерге бейімделген;
ТА 4 – Көшбасшылық қасиеттерге ие;
ТА 5 – Кәсіпкерлік дағдыларға ие, мәселелерді анықтап, шеше алады;
ТА 6 – Инновациялық ойлауды іске асыра алады.

1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Қазақстанның екі жоғары оқу орндары – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (бұдан әрі ҚазҰҚПУ) мен С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті (бұдан әрі ҚазҰМУ) жүзеге асыратын «Әлеуметтік ғылымдар» бағыты бойынша 6В03103 - Клиникалық психология бірлескен білім беру бағдарламасын (бұдан әрі БББ) әзірлеу мен жүзеге асыру, бірлескен диплом беру арқылы адамның психологиялық денсаулығын сақтау үшін жоғары білікті клиникалық психологтар даярлауға бағытталған.

Қазақстан Республикасындағы өскелең ұрпақтардың десаулығына қатысты әлеуметтік саясаты бүгінде медициналық-психологиялық модел негізінде құрылады.



Психологиялық денсаулығында мәселелері бар және жүйке жүйесі әлсіреген балалармен және жеткіншектермен жұмыс істегенде клиникалық психологтар шешуші рөл атқарады, балалардың басым көпшілігі бала кезінен-ақ сау емес, қазіргі кезде балалар ауру болып туылады немесе жаңа туған нәрестелердің 40 % аурады, мектеп оқушыларының психологиялық денсаулық жағдайының тұрақты нашарлау үрдісі бар. Жалпы білім беру жүйесіндегі оқу процесінің қарқындылығы жалпы стресстің артуына әкеледі - дер кезінде көрсетілетін психологиялық көмек осы топқа жататын балалардың мүгедектігіне жол бермеуі мүмкін.

Қазіргі сәтте Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық көмекті ұйымдастыру Департаментінде ұсынылған мәліметтерге сай, Қазақстанда психикалық денсаулық сақтау орталықтарының саны 17 бірлікті құрайды және ол тұтастай алғанда 9049 төсек-орынға есептелеген. Психикалық ауруы бар адамдарға арналған мемлекеттік медициналық және медициналық-әлеуметтік мекемелердің жалпы саны 78 бірлікті құрайды. Бұл мекемелерде депрессия, мазасыздық, биполярлық бұзылыстар, аутизм және т.б. секілді психикалық бұзылыстарды диагностикалауға, түзету мен алдын-алуға маманданған клиникалық психологтардан тұратын психиатр-дәрігерлер немесе дәрігерлік-кеңес беру комиссиялары жұмыс істейді.

Бірлескен білім беру бағдарламасының (БББ) мазмұны қоғамдық денсаулықты сақтау мен білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарына жауап береді және ол «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасын (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №725 қаулысы); «Қазақстан Республикасының халқына психикалық денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-224/2020 бұйрығын жүзеге асыруға бағытталған. Болон процесінің негізгі принциптері мен ережелеріне және серіктес университеттерді дамытудың стратегиялық мүдделеріне сәйкес келеді.

1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қос дипломдық бағдарлама	С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті
--------------------------	---

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі

Еуропа мен АҚШ-та клиникалық психологияны оқытудың бағдарламасы магистратура деңгейінен басталады. Дегенмен психология саласындағы мамандандыру магистратурада білім алу үшін берік академиялық негізді ұсынады.

Гент университетінің (Нидерланды) 2023-2024 жж. - 55%

[Universiteit Gent: Bachelor of Science in de psychologie \(klinische psychologie\) \(ugent.be\)](https://www.ugent.be/en/psychology)

Йель университетінің 2023-2024 жылдарға арналған оқыту бағдарламасына – 60%
[Psychology < Yale University](https://psychology.yale.edu)

Мәскеу мемлекеттік психологиялық-педагогикалық университетінің 2022-2023 жж. – 65%

[Специалитет. Специальность «Клиническая психология» \(mgppu.ru\)](https://mgppu.ru)



Томск мемлекеттік ұлттық зерттеу университетінің 2022-2023 жж. -75%

37.05.01 Клиникалық психология Аңдатпа РПД 2022 2.

[37.05.01 Клиническая психология Аннотации РПД 2022_2.pdf \(tsu.ru\)](#)

1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

«Клиникалық психология» білім беру бағдарламасының бакалавриат түлегі білім беру, денсаулық сақтау мекемелерінде, әлеуметтік-психологиялық бейімдеу және оңалту орталықтарында; психологиялық түзету және психотерапия орталықтарында; ғылыми-білім беру және тәрбиелеу ұйымдары мен мекемелерінде; психологиялық және педагогикалық бағыттағы ғылыми зертханаларда; күштік құрылымдар министрлігі мен ведомстволарында, пеницитарлық мекемелер мен әскери ұйымдарда; соттық-медициналық сараптама бюросында жұмыс істеу үшін дайындалған.

1.6. КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

Кәсіби құзіреттілік салалары 1

Коммуникативтік құзіреті

Бұл базалық құзіреттілік басқа барлық құзіреттіліктердің бір бөлігі болып табылады. Әдетте психологтар тұлға аралық қатынастар аясында өз жұмысын атқарады (ата-ана-бала, ерлі-зайыптылар, бастық-қызметкер және т.б.). сондықтан олар өз клиенттерімен конструктивті жұмыс одағын орнатып, оны қолдай білуі, тиісті коммуникативтік құзіреттілікті меңгеруі тиіс.

Кәсіби құзіреттілік салалары 2

Зерттеушілік құзіреті

Психологияның кәсіби бағдарламасы студенттерге мыналарды дамытуға мүмкіндік беретін зерттеушілік дайындықты қамтуы тиіс: пәннің ғылыми негіздеріне деген құрмет пен оның базалық негізін түсіну. Ғылыми білім өнімдерінің жақсы тұтынушысы болу үшін оның әдістерін білу. Кәсіби салада, кейбір жағдайларда, академиялық салада мамандандырылған кеңесшінің (мысалы, статистиктер) көмегімен жобалар әзірлеу мен оны орындау үшін зерттеу жұмыстарын жүргізуге жеткілікті дағдыларының болуы.

Кәсіби құзіреттілік салалары 3

Сараптамалық-бағалау құзіреті

Құзіретті кәсіби психолог бағалаудың әр алуан әдістеріне сүйенеді, қойылған міндетке қандай әдіс сай келетінін анықтап алады. Бағалау үшін қажетті дағдылар көптеген жағдайларда қолданылуы мүмкін және қолданылуы тиіс, мысалы, емдеу нәтижелерінде, бағдарламаларды әзірлеу мен бағалауда және клиникаға дейінгі жағдайлардың кең ауқымында туындайтын мәселелерде. Бұл диагностикалық жіктеуге немесе құзіретті не күшті жақтарын анықтауға әкелуі мүмкін.

Кәсіби құзіреттілік салалары 4

Құқықтық құзіреті

Клиникалық психологтар кәсіби іс-әрекеттің қазіргі этикалық нормалары мен құқықтық нормаларын ескеріп, құрметтейді. Клиникалық психологтар мәдени әртүрлілікке байыппен қарайды және оны клиенттермен жұмыс істеу кезінде құрметтейді.

1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ



БН 1 – Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.

БН 2 – Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.

БН 3 – Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.

БН4 – Сыни ойлаумен және пәнаралық байланыстарды талдаумен; кәсіби құндылықтармен, бейім-бағдарлармен және мінез-құлықтармен байланысты іргелі білімді қолданады.

БН 5 – Эмпирикалық зерттеулер жүргізеді және оның нәтижелерін жазбаша да, ауызша түрде де баяндай алады, зерттеу және клиникалық іс-әрекеттен моделдер жасайды.

БН 6 – Этикалық және құқықтық нормаларға байланысты жалпы кәсіби құзіреттілік көрсетеді, этикалық практикаға қатысу үшін қажетті білімді қолданады.

БН 7 – Психологиялық қызмет алушылармен тиімді қатынас орнатады және оны қолдайды, клиникалық қызмет көрсету мақсатын ескере отырып, деректі мәліметтерге негізделген араласу жоспарын әзірлейді.

БН 8 – Зерттеу әдіснамасы мен статистикалық талдау саласында пәнге тән білімді қолдануға қабілетті.

БН 9 – Қайталанбайтын ғылыми жұмыстарды құрылымдайды, эмпирикалық зерттеулер жүргізеді және олардың нәтижелері туралы жабаша да, ауызша түрде де есеп дайындайды.

БН 10 – Сарапшының құзіретін, тұлғаның психологиялық күйін, мінез-құлық реакцияларын, әлеуметтік топтар мен индивидтің іс-әрекетінің сипатын көрсетеді.

БН 11 – Психосоматикалық, патопсихологиялық мәселелері бар клиенттерге арналаған психологиялық жұмыстардың диагностикалық, түзету мен оңалту, алдын-алу іс-шараларының бағдарламасын жоспарлайды.

БН 12 – Клиникалық зерттеулердің нәтижелерін талдап түсіндіреді, кеңес беру бағдарламаларын құрып, оның есебін жасайды.

БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12
ТА1		+			+		+	+	+	+	+	+
ТА2	+		+	+		+				+		
ТА3	+		+		+			+	+	+	+	+
ТА4	+	+		+					+	+	+	+
ТА5	+		+			+	+					
ТА6	+		+	+		+					+	



1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

- 1) Қазақстан Республикасы Ғылым Білім министрінің 31.10.18ж. №604 Бұйрығымен бекітілген Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
- 2) 2011 жылдың 20 сәуіріндегі №152 (12.10.18ж. №563 өзгертулер мен толықтырулар) білім берудің кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың ережелері
- 3) "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқармасы төрағасының 2018 жылғы 22 қазандағы №285 бұйрығымен бекітілген "Денсаулық сақтау саласындағы "маман-психолог" кәсіби стандарты (№3 қосымша).

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ РЕСУРСТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ

3.1. КІТАПХАНА ҚОРЫ

Білім беру бағдарламасы бойынша кадрларды даярлау сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі студенттердің оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми, анықтамалық, көркем әдебиеттермен және мерзімді басылымдармен қамтамасыз етілуі болып табылады.

БВ03105 Клиникалық психология білім беру бағдарламасы бойынша кітапхана қоры 2023 жылдың 1 мамырынан 22761 дананы құрайды, оның ішінде мемлекеттік тілде - 4429 дана, орыс тілінде - 17754 дана және шет тілінде - 578 дана.

Университет кітапханасы білім алушылар мен профессорлық оқытушылық құрамның IPR books, Polpred, Alembook, Web of Science, Elsevier (Scopus) мәліметтер базасына қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

ҚР жоғары оқу орындарының электрондық білім беру және ғылыми ресурстарын біріктіретін республикалық ЖОО аралық электрондық кітапханаға (РЖООАЭК) қол жеткізілген.

Білім беру бағдарламасының студенттеріне келесі ғылыми журналдарға қол жетімділік қамтамасыз етілген:

«Психология мәселелері», «Психология», «Психологиялық ғылым және білім» «ҚазҰҚПУ Хабаршысы», «ҚазҰУ Хабаршысы» әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Психология сериясы), «Педагогика және психология» ғылыми-әдістемелік журналы, «Хабаршы» Абай атындағы ҚазҰПУ ғылыми журналы (Психология сериясы).

2010 жылдан бастап кітапхана ҚазҰлтҚызПУ студенттеріне дәстүрлі форматтағы магистрлік диссертациялардың мазмұнымен танысуға мүмкіндік береді (150-ден астам атау), олардың жартысы бүгінгі күні PDF-форматқа ауыстырылды.

Сондай-ақ, студенттер компьютерден электрондық кітапханаға қолжетімділікті қамтамасыз ететін «ҚазҰлтҚызПУ электронды кітапханасы» қызметін әлемнің кез келген нүктесінен 24/7 форматында пайдалана алады. (сайт мекенжайы: lib.kazmkpu.kz). Электронды кітапхана базасында студенттерге ұсынылатын толықмәтінді қайнар көздердің 10000-ға жуық бірлігі, лицензияланған кітаптардың 1000-нан астам бірлігі, кітапхана қызметкерлері сканерлеген 6676 бірлік, ал 300-ге жуық кітап сирек қор көздеріне жатады.



3.2. КАДРЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Білім беру бағдарламасын Теориялық және практикалық психология кафедрасы іске асырады. Білім беру бағдарламасына қызмет көрсететін ПОҚ-тың (базалық және бейіндеуші пәндер циклындағы пәндер) сандық және сапалық көрсеткіштері:

ПОҚ жалпы саны - 17 адам

Ғылым докторы – 1

Ғылым кандидаты – 6

Философия докторы (PhD) – 2

Магистр – 12

Кафедраның ғылыми әлеуеті – 55%.

Білім беру бағдарламасының профессорлық-оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамалары Кадрлық анықтамалығында көрсетілген.

Білім беру бағдарламасының профессорлық-оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамалары **Кадрлық анықтамалығында** көрсетілген.



3.3. МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗА

"Жан шуағы" психологиялық орталығы, Гоголь 114 мекенжайы бойынша орналасқан №111 кабинетте терапевтік сессияларды өткізу және жеке кеңес беруге арналған оқу-сыныбы – шеберханасы, Гоголь 161 мекен-жайы бойынша орналасқан АКТ мен жабдықталған №313, 312, 314, 316, 209 кабинеттер.

Практика базалары:

№	Ұйымның (мекеменің) атауы	Келісімшарттың №, келісілген күні, айы, жылы
1	«Кәмелетке толмағандарды уақытша ұстау баспанасы» КММ (Алматы қаласы)	Келісім шарт №33, 16.11. 2019 ж.
2	«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5571 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі	Алматы қаласы) (Келісім шарт №44, 12.03.2019 г.
3	«К. Ахметова атындағы Республикалық мамандандырылған олимпиада резервінің мектеп-интернат-колледжі» КММ	Келісім шарт №11, 14.10.2019 ж.
4	№3 арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы КММ (Алматы қаласы)	Келісім шарт №39, 16.11.2019ж.
5	Алматы қ. «№91 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК	Келісім шарт №26, 16.11.2019 ж.
6	Алматы қ. «№90 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК	№40, 16.11.2019 ж.
7	«Алматы облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облыстық №1 балалар үйі» КММ	Өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы Меморандум, 31.10.2020 ж.
8	«Ана үйі-Дом мамы» қоғамдық қоры	Өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы Меморандум, 31.10.2020 ж.
9	«Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған Алматы қалалық оңалту орталығы» білім басқармасы КММ	Өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандум 15.01.2021 ж.
10	Алматы қ. "№14 бөбекжай-балабақшасы" МКҚК	Келісімшарт №23, 06.09.2021 ж.
11	Алматы қаласындағы "ADAM" Еуразиялық жеке тұлға институты	Келісімшарт №22, 06.09.2021 ж.
12	Алматы қаласы білім басқармасының «М.Базарбаев атындағы №138 мектеп-гимназия» КММ	Келісімшарт №18, 18.02.2023 ж.
13	Алматы қаласы ЖШС «Бала Қыран» бөбекжай балабақшасы	Келісімшарт №1015, 14.12.2022 ж.
14	Алматы қаласы ТОО «Үркер» мектебі	Келісімшарт №1014, 14.12.2022 ж.
15	"Алматы қаласының білім басқармасы" КММ	Өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы Меморандум, 18.02.2023 ж.